

2. <https://www.populismstudies.org/Vocabulary/far-or-extreme-right/>
3. <https://www.bundestag.de/en/parliament/plenary/distributionofseats>
4. <https://www.afd.de/grundsatzprogramm/>
5. <https://www.politico.eu/article/germany-afd-party-russia-china-spy-claims-bundestag/>
6. <https://news.sky.com/story/what-is-national-rally-and-could-it-take-control-of-france-after-snap-election-13150463>
7. <https://www.theguardian.com/world/article/2024/jun/25/france-far-right-national-rally-history-1972-marine-le-pen>
8. <https://www.dw.com/ru/makron-raspustil-parlament-francii-posle-uspeha-na-vyborah-pravyh-nacionalistov/a-69317334>
9. <https://www.statista.com/statistics/1335834/italy-election-results/>
10. <https://www.dw.com/ru/italia-prevyse-vsego-kto-takaa-lider-ultrapravyyh-dzordza-meloni/a-63184981>
11. <https://ru.euronews.com/my-europe/2024/06/10/eu-elex-whats-next>
12. <https://www.dw.com/ru/strategia-ustarela-kak-v-es-teper-hotat-stroit-otnosenia-s-ca/a-68011370>
13. <https://ru.euronews.com/my-europe/2023/11/16/eu-web-video-talent-mobility>

## ЕКІ ӘЛЕМ. БІР ЖАРЫС. ҚЫРҒИ-ҚАБАҚ СОҒЫСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Бейсембекова А.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., оқытушы Мустафин Е.Е.  
 Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[erka.erka.101@mail.ru](mailto:erka.erka.101@mail.ru)  
 Қарағанды қ.

XX ғасыр адамзат тарихында ерекше орын алады. Бұл ғасыр тек жеке тарихи оқиғалармен ғана емес, қазіргі заманғы өркениет пен әлемдік қоғамдастықтың дамуына үлкен әсер еткен ауқымды оқиғалармен де ерекшеленеді. Сондай маңызды тарихи құбылыстардың бірі-бірнеше онжылдыққа созылған және адамзат өмірінің барлық салаларына әсер еткен-Қырғи қабақ соғысы. Оның салдары әлі күнге дейін сезілуде және халықаралық қатынастардың жағдайы мен дамуына ұзақ уақыт бойы әсер етуде. Қырғи қабақ соғыстың тарихына байланысты мәселелер әлі де талқылануда. Қырғи-қабақ соғыс деп АҚШ, Ұлыбритания және олардың одақтастарының бір жағынан, Кеңес Одағы мен социалистік блок елдерінің екінші жағынан конфронтациялық жағдайын айтады. Қарсыласу XX ғасырдың екінші жартысында пайда болып, Кеңес Одағы ыдыраған уақытқа дейін жалғасты. Саяси, экономикалық, идеологиялық, әскери және басқа да салаларды қамтып, антигитлерлік коалицияны бұрынғы одақтастары арасындағы қайшылықты геосаяси және ұлттық мүдделердің, қарама-қарсы идеологиялық бағыттардың нәтижесінде туындаған болатын. Бұл әлсірету үшін әрбір себеп пен қарсыластардың қателік жіберген кез келген қадамдары пайдаланылған соғыс болды.

«Қырғи-қабақ» соғыс термині XX ғасырда алғаш рет 1945 жылдың күзіне қарай ағылшынның «Трибюн» журналында пайда болды, бірақ оны соғыстан кейін жылдардағы саяси лексикаға енгізген американдық саяси қайраткер, қаржыгер Бернард Барух 1946 жылдың 16 сәуір күні Оңтүстік Каролина шататы өкілдер палатасында сөйлеген кезінде қолданды [1, 8 б.].

Қырғи-қабақ соғыстың басталуына қатысты нақты белгіленген факт жоқ. Демаркацияның қиындықтары құбылыстың табиғатымен, жеке оқиғалардың бұлыңғырлығы және жасырындылығымен, оларды анық жіктеудің күрделілігімен байланысты. Бұл соғыстың ерекшелігі мұнда нақты күн болмайды, өйткені соғысты жариялау және тікелей шабуыл жасау фактілері жоқ. Ғалымдар оның басталуын 1946 жыл деп санайды, бұл У.Черчилльдің Фултондағы сөзіне байланысты, ал басқалары 1949 жылды айтады, себебі бұл кезде Солтүстік Атлантикалық альянс құрылған болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыстың қырғи-қабақ соғысына тікелей қатысы бар екенін айта кеткен жөн. Соғыс аяқталғанда халықаралық аренада екі супердержава-АҚШ пен КСРО пайда болып, олардың айналасында одақтас елдер шоғырланды. АҚШ соғысқа қатысқан елдердің арасында жалғыз өзі қиратуларға ұшырамаған әрі байыған мемлекет болды. Олар әлемнің алтын қорының 80%-ын, әлемдік өнеркәсіп өндірісінің 60%-ын бақылап тұрды. Көптеген Батыс елдері Вашингтонға қаржылай тұрғыда тәуелді болған болатын, бұл АҚШ-тың Батыс әлемінің көшбасшысы болуына тікелей әсер етті. Агрессивті, милитаристік мемлекет болған Германия мен Жапонияны жеңген басты мемлекеттердің бірі ретінде де үлкен құрметке ие болған болатын.

Соғыстың бар ауыртпалығын арқалап, адам және материалдық шығынға ұшыраған Кеңес Одағы да сол кезде үлкен моральдық беделге ие болды. Мықты кеңес армиясы Эльбада және Австрия Альпісінің етегінде тұрды. Фашизмге қарсы күрес жылдарында социалистік бағытты таңдаған Еуропа мен Азия халықтары КСРО мен компартияларды әлеуетті күш ретінде қарады. Кеңес Одағының қырғи-қабақ соғысқа мәжбүрлі түрде қосылғанын және оның басшылығы әлемнің ең қуатты мемлекетімен күрестің қаупі мен қиындықтарын жақсы түсінгенін жоққа шығаруға болмайды. Мемлекеттің шығынға ұшырауы, әскерлер шығыны, әсіресе қарапайым

халықтың қаза болуы, Кеңес Одағын моральді түрде әлсіретті. Бірақ, соғыс барысында Кеңес Одағының фашизмге қарсы күрестің басты күші ретінде танылуына тікелей әсер етті.

Бүгінде соғыс кезінде орнаған ынтымақтастықты және соғыстан кейінгі кезеңдегі әлем алдында тұрған мәселелерді шешу үшін жасалған шарттарды екі жақтың да өзінше бұзғаны анық. АҚШ және Батыс елдері антикоммунизмге соқыр сеніммен қарап, Кеңес Одағының үлкен беделімен келіспеді, оны өздерінің геосаяси мүдделеріне және идеологиялық постулаттарына қарсылас ретінде көрді.

Саяси антагонизмдердің дамуы қатарында қарулану жарысының күшею процесі де жүріп жатты. Қырғи-қабақ соғыстың алғашқы кезеңінде АҚШ сол кезде ерекше болып саналатын атом-әуе қуатына сүйеніп, КСРО-ны «қорқытуды», ал қолайлы жағдайда оны жоюды көздеді. Әлі ядролық қаруы және оны Америка құрлығына жеткізу құралдары болмаған Кеңес Одағы, Еуропаның орталығында орналасқан және екі аптада Ла-Маншқа жетуге қабілетті қуатты құрлық әскерлерін құрды. Вашингтонда американдық өнеркәсібінен технологиялық басымдығы және Германия мен Жапонияға қарсы әуе соғысында алған америкалық тәжірибе АҚШ-қа тиімді шарттармен соғыс жүргізуге мүмкіндік береді деп есептеді, ал құрлық соғысы КСРО-ның шарттарымен өтеді деп санады. Кеңес Одағының ядролық қаруы пайда болған кезде, ол бастапқыда Батыс Еуропаның барлық тереңдігіне дейін қолдануға, ал кейіннен АҚШ-тың стратегиялық осал тұстарын жоюға мүмкіндік алды [2, 23 б.].

Қырғи-қабақтың тарихнамасын қарсыласушы ұлы державалар мен олардың одақтастары шешкен негізгі әскери-саяси және геостратегиялық мәселелер тұрғысынан қарастырған жөн. Оқиғалардың басты тақырыптарына айналған бірнеше негізгі мәселелерді бөліп көрсетуге болады. Оларға мыналар жатады: соғыстан кейінгі жаһандық қарсыластықтың пайда болуы және оған жауапкершілік; әскери-саяси дағдарыстар мен оқиғалар; жергілікті соғыстар мен қақтығыстар-мысалы: Кореядағы, Вьетнамдағы, Таяу Шығыстағы, Ауғанстандағы соғыстарды айтамыз.

«Ұлт мемлекеттері жүйесінің сипаты - бәсекелестік» - дейді *Д.Макмеллан*. Бұл жүйенің табиғаты әр қатысушыдан өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуді талап етеді, бір ұлттың қауіпсіздігінің жоқтығын білдіреді. Қырғи-қабақ соғыстың себептері саяси көшбасшылардың ерекшеліктерінде емес, басты қарсылас тараптардың саяси және экономикалық жүйелерінің сипатында емес, керісінше, мемлекеттік билік жүйесінің өзінде және күштердің екі полюс бойынша бөлінуінде жатқанын атап көрсетеді. Екі полюсті жүйелердегі сияқты, қос держава арасында бәсекелестік күшейді. «Біреуінің күші екіншісінің мүдделеріне табиғи қатер төндірді, дегенмен ешқайсысы қақтығысты өз пайдасына шешетіндей күшке ие болмады» [2, 46 б.].

Қырғи-қабақ соғыстың шығу тегі мен оның кезеңдерге бөлінуі «мәңгілік» пікірталас мәселесі болып табылады. Шынында да, бұл құбылысты қандай да бір маңызды бағалау оның пайда болу себептері мен хронологиялық шекараларын анықтамай мүмкін емес.

«Соғысты қалаған кезде бастайды, бірақ оны тек мүмкін болған кезде аяқтайды»-*Никколо Макиавелли* [2, 62 б.].

Қырғи-қабақ соғыстың тарихын кезеңдеудің ұсынылған нұсқасын әзірлеуде объективті жағдайларға негізделген көптеген критерийлер қолданылды. Негізгілері - әлеуметтік-экономикалық, әскери-стратегиялық, геосаяси және моральдық-этикалық факторлар. Сонымен қатар, қырғи-қабақ соғыс жылдарында орын алған «адамдық фактор» мен күреске арналған техникалық құралдардағы маңызды сапалық өзгерістер де ескеріледі. Демек қырғи-қабақ соғысы екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі уақыттан басталған бәсекелестік. Қырғи-қабақ соғыстың алғышартында айқын үш кезең бөлініп шығады.

Бірінші кезең (1917-1922) Батыс елдерінің, әсіресе АҚШ-тың, Кеңес Одағына қарсы әскери күшті қолдану арқылы ашық әрекет етуге тырысқан кезеңімен сипатталады. Күш қолдану Кеңестік Ресейді жою мақсатында жетудің негізгі құралы ретінде қарастырылады. Бұл майданда большевиктер күштірек болғандықтан болар: олар қолданған кейбір дәстүрлі емес тәсілдер қарсыласқа қарсы қиын күресте елеулі көмек берді. *В.И.Лениннің* бағалауынша, «грубый и материальный фактылар басым рөл ойнайтын мұндай істе біз Антантаны әскери істе жеңдік» [2, 62 б.].

Қырғи-қабақ соғыстың алғышарттарының екінші кезеңі 1922-1939 жылдарға тиесілі. Ол отандық әскери тарихнамада «соғыстар арасындағы кезең» ретінде белгілі. Батыс алғаш рет антисоветтік саясаттағы негізгі күштерін, әскери емес майданда шоғырландырды, «коммунистік мәселесін» Германияның қолымен шешуді көздеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басында КСРО қуатты индустриалды және әскери державаға айналды, халықаралық қатынастардың тең құқықты және беделді субъектісі ретінде ондаған мемлекеттер тарапынан мойындалды.

1939-1945 жылдар-қырғи-қабақ соғыстың үшінші кезеңі немесе «конверсация» кезеңі деуге де болады. Бұл кезең Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарына сәйкес келеді. Оның басты және ерекше ерекшелігі - АҚШ-пен одақтастық қатынастарды қоса үйлестіру болды.

1945-1991 жылдар ашық түрде жүргізілген суық соғыстың алғашқы кезеңі: қарсыласушы тараптардың АҚШ-КСРО соғыстың барлық құралдары мен әдістерін, соның ішінде алғашқы толық ауқымда қолдануға көшуі.

Осы жылдар аралығында да біз кезеңдерге бөлу арқылы қарастырамыз: Бірінші кезең-1945-1949жж. - бұл кезеңде АҚШ пен КСРО әскери күштерді қарсыласу үшін қолданудың орнына, қырғи-қабақ соғыс құралдарын пайдаланып, дипломатия, идеология және экономикалық санкциялар арқылы өз мақсаттарына

жетуге көшті. 1949 жылы АҚШ жетекшілік ететін бірқатар Батыс Еуропа мемлекеттерінің, Түркия мен Канаданың әскери-саяси одағының құрылуы маңызды оқиға болды.

Екінші кезең: 1949-1955жж. - бұл кезеңдегі ең басты оқиғалардың бірі ретінде 1949 жылы Батыс Солтүстік Атлантикалық альянс (НАТО) құрылғаннан кейін, шығыс әскери-саяси одағы-Варшава Шарты Ұйымының (ВШҰ) ресми жариялануына дейін тек алты жыл өтті. Екі блоктың алғашқы әскери қақтығысы-Корея соғысы болды. Ең алдымен соғыстың атом қаруы қолданылған осы аймақтағы жақын тарихпен байланысты екендігінен көрінеді. Соғыс негізгі қарсыласушы блоктар үшін екінші дәрежелі театрда өтсе де, ол локалды сипатқа ие болды, яғни аумақ пен қолданылатын қару тұрғысынан шектеулі соғыс болды. Соғыстың тамыры 38-ші параллель бойынша Кореяның біртұтас мемлекетін Кеңес Одағы мен АҚШ-тың оккупациялық аймақтарына бөлуден басталады. 1945 жылдың желтоқсанында Мәскеу конференциясында КСРО, АҚШ және Ұлыбританияның сыртқы істер министрлері Кореяны біртұтас тәуелсіз мемлекет ретінде біріктіру және жалпы корейлік үкімет құру туралы шешім қабылдады.

Үшінші кезең 1955-1973 ең ірі жаппай қырып-жоятын қаруларының арсеналдарын одан әрі жетілдіріп, 1962 жылы Кариб дағдарысы, 1968 жылы Чехословакиядағы оқиғаларда, қаруларды қолдану қаупі әлемді ядролық соғыс шегіне жеткізді, бірақ екі тараптың дер кезінде келісімге келуіне орай ол болмады.

Кариб дағдарысы-қырғи-қабақ соғыстың ең айқын көрінісі болды. Дағдарыс кеңес-американдық диалогтың одан әрі дамуына үлкен ықпал етті. Мәскеу мен Вашингтонда тікелей әскери қақтығыстың өлімге әкелетін қауіптілігіне сендіріп, ол тараптарды өзара қарым-қатынастың жаңа форматын іздеуге итермелеген болатын. АҚШ пен КСРО басшылары арасында тікелей байланыс орнату туралы келісімге келді. Алғашында техникалық шешім сияқты көрінген бұл шешім психологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарды. 1962 жылдың қазанынан кейін дәл сондай сындарлы жағдайлар ешқашан туындаған жоқ. Кариб дағдарысы әлемді тағы бір қырынан өзгертті. 1962 жылдан бастап, АҚШ басшылығы оның мазмұнын және стратегиясын өзгертті деген болжамды көрсетеді. Вашингтонның Кеңес Одағын тікелей әскери күш қолданбай жоюға бел бұғанын жанама түрде дәлелдейді. КСРО шын жүректен шиеленісті төмендетуге ұмтылды. Ал АҚШ үшін басты уақытты ұтуға, күштерді қайта топтастыруға, міндеттерді нақтылауға және қырғи-қабақ соғысында жеңіске жету жоспарларын түзетуге бағытталған аландату рөлін атқарды.

«Адамдар арасындағы ең терең қайшылық олардың бостандықты әртүрлі түсінуімен байланысты»-*Карл Ясперс*. 1968 жылғы оқиға дәл осы сөзбен сәйкес келері сөзсіз. Чехословакия оқиғаларында Кеңес Одағы мен Варшава шарты ұйымының серіктестері әскери күштерді ауқымды түрде қолданды. Алайда бұл жаппай наразылық шерулерін басу үшін емес, дағдарыстың Венгриядағыдай өрбуіне жол бермеу мақсатында жасалды. 1963-1967 жылдар аралығында Чехословакиядағы қоғам мен билік арасындағы қарым-қатынаста байқалған кейбір сыртқы көріністер 1968 жылы күрт шиеленісті. Елде әртүрлі саяси және экономикалық мәселелер бойынша қызу пікірталастар басталып, билік пен партияны «қажетсіз» басшылардан тазарту туралы зорлық-зомбылық әрекеттерге шақырулар айтылды. Нәтижесінде жоғары мемлекеттік және партиялық қызметтерге бұрынғы оппозиционерлер қатарынан «реформаторлар» тағайындалды. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі бірте-бірте социалистік құрылымға және Кеңес Одағына қарсы сипатқа ие бола бастады.

Төртінші кезең 1973-1985 қарсылап тараптар әскери қарсыласуды азайтуға бағытталып, ракета-ядерлік қаруларын жақсартуды жалғастырды. Кеңес Одағы мен оның одақтастарына халықаралық жағдайлар айтарлықтай күрделенді. Қытай факторының да осы процеске өз әсері болды. Вашингтон оны тиімді пайдалануды жақсы меңгерді, ал Мәскеу болса, халықаралық аренада белсенді болмады, бірақ жаһандық тепе-теңдікті сақтауға күш салды.

1985-1991жж.- соңғы кезеңі, қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы. Бұл кезең қырғи-қабақ соғысының шыңы болды. Кеңес Одағының Батыс қарсыласына қарсы күрестегі ірі сәтсіздіктері оны жеңіліске ұшыратты. Горбачевтың «Қайта құру» саясаты бойынша кеңес мемлекетінің құлдырауына жылдам қозғалысты білдірді. Кеңес Одағы мен АҚШ арасындағы қару-жарақпен күресте теңдік болғанымен, Мәскеу сыртқы жаудың жүйелі әсерінен және ішкі оппозицияның үйлесімді деструктивті әрекеттерінен үнемі әлсіреп отырды. Бұл оппозиция өзінің батысқа бейім саясатымен және оның кең көлемдегі қолдауымен ерекшеленеді.

Кеңес Одағының аса ірі держава ретінде құлдырап, әлемдік саяси картасынан жоғалып кетуі кездейсоқ таңдалған өлшем емес. АҚШ пен оның одақтастарының Кеңес Одағын жоюды мақсат еткен ымырасыз күрес жүргізгені-тарихи факт. 1991 жылдың 8 желтоқсанында КСРО тарих сахнасынан мәңгілікке жойылды. КСРО-ның ішкі және сыртқы саясатында елеулі өзгерістер енгізу қажеттілігі жаңа көшбасшы мен бүкіл қоғам тарапынан түсінілген, бұл бастапқыда қайта құру бағытына халықтың жоғары қолдау көрсетуіне себеп болды. Кейінірек келіспеушіліктер пайда болып, олар іс жүзінде мемлекетті реформалау теориясы мен тәжірибесіне қатысты барлық мәселелерді қамтыды. Жылдың халықаралық қатынастарындағы басты оқиға қараша айында Женевада өткен АҚШ президенті Р.Рейган мен М.С.Горбачев арасындағы келіссөздер болды. Бұл шамамен алты жыл ішіндегі алғашқы жоғары деңгейдегі кездесу болды және Вашингтон мен Мәскеуде маңызды диалог жүргізу мүмкіндігін іс жүзінде жоққа шығарған тарихи кезеңнің аяқталғанын білдірді. Сол кезде АҚШ Рейганның ықпалымен Кеңес Одағын «зұлымдық империясы» - деп жариялады, ал КСРО басшылығы екі супердержава арасындағы келіссөздер үдерісі жағдайдың қиындығына байланысты нәтижесіз болды деп санады [3, 393 б.].

Фашизмге қарсы жеңіс әлемді сапалы түрде өзгертті- әлемді әділетті, еркін, қауіпсіз және динамикалық етті. Халықаралық аренадағы арақатынасы түбегейлі өзгерді: АҚШ пен КСРО өздерін супердержавалар

ретінде танытып, басқа елдерге дамудың баламалы жолдарын ұсынды, ал колониялық жүйе ауыр дағдарысқа тап болды. Нацистік Германия мен оның одақтастары антигитлерлік коалиция елдерінің бірлескен күш-жігерімен, соның ішінде Кеңес Одағының шешуші рөлі арқылы жеңілді. КСРО мен АҚШ арасындағы жаһандық теңсіздік және Кеңес Одағының тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуге ұмтылуы қырғи-қабақ соғыстың басталуын ынталандырды. Соғыстан кейінгі саясаткерлердің халықаралық қатынастарға деген көзқарасында геосаяси мүдделер, амбициялар, идеологиялық алдын ала қабылдаулар мен күшке сену халықаралық қатынастарды реттеудің негізгі факторы ретінде басымдыққа ие болды. Мұндай қауіпті саясаттың қателіктері үшін адамзат тым үлкен баға төледі, сондықтан болашаққа сабақ алмасқа болмайды. Ең бастысы- өзара қолайлы шешімдерді іздеу арқылы, халықаралық қатынастардағы бейбітшілік пен тыныштықты сақтау. Қырғи-қабақ соғысы аяқталғанымен сол жылдардың әдеттері, дәстүрлері, психологиясы із-түзсіз жоғалып кетпеді. Қырғи-қабақ соғыстың қалдықтары бүгінде, ойлау жүйесі түбегейлі өзгерген кезде де, әлі де әсерін тигізуде.

Соғыстың ең маңызды нәтижелерінің бірі- ядролық дәуірдің қатаң шындықтары әскери-техникалық иррационализмге барлығы үшін тең қауіпсіздік идеясын қарсы қоюды талап етеді. Ядролық клуб мемлекеттері арасындағы қақтығыстар болмаған жағдайда қазіргі қарудың шамадан тыс арсеналдары бар қауіп-қатерге сай келетін ақылға қонымды деңгейге дейін қысқартуды қажет етеді. Барлығы үшін тең және өзара қауіпсіздік негізінде соғысты болдырмаудың ғаламдық жүйесін құру мәселесі туындайды.

Әлемді зымыран-ядролық және кәдімгі соғыстардан сақтап қалу адамзатты шектеулі, көтерілісшілер мен партизандар жүргізетін соғыстар қарулы қақтығыстардан толықтай құтқармады. Мұндай қақтығыстарда зардап шегетін қарапайым халық, яғни бейбіт тұрғындар. Бұл соғыстарда әлемдегі ең заманауи армиялардың өзі жеңіліске ұшырап отырды, ал жеңіске халықтың қолдаусыз жету мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Г.Путилин, В.А. Золотарев «Холодная война». Противостояние двух сверхдержав-I-том. - Москва, Институт экономических стратегий, 2014. (983 бет).
2. Н.В.Илиевский. «Холодная война». От потопы до мальты-II-том. - Москва, Институт экономических стратегий, 2014. (582 бет).
3. А.Уткин. «Мировая холодная война». Новейшая история России. 2003. (393 бет).

## ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖОЛЫНДА: ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ XV-XVII ҒАСЫРДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫ

Сарсенбай Б.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., оқытушы Мустафин Е.Е.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[erka.erka.101@mail.ru](mailto:erka.erka.101@mail.ru)  
Қарағанды қ.

Қазақ тарихында ежелгі және орта ғасыр дипломатиясының тарихына арналған арнайы еңбектер жоқ. Тек Қазақ хандығының әртүрлі елдермен қарым-қатынасын зерделейтін зерттеулер мен халықаралық қатынастар бойынша құжаттар мен материалдар жинағы ғана бар. Қазақ хандығы - шаруашылықтың дамуы, өндіргіш күштердің өсуі, феодалдық қатынастардың қалыптасуы нәтижесінде ерте заманнан бері Орталық Азияның ұлан-байтақ өңірін мекендеген көшпенді тайпалардың бірыңғай этникалық топ – қазақ халқы бірігуіне негізінде XV ғасырда құрылған мемлекет. Дәл осы уақытта аймақта жаңа мемлекеттер пайда болып, олардың арасында саяси, экономикалық, дипломатиялық байланыстар күшейді. Қазақ хандығы да осы кезеңде өз тәуелсіздігін нығайтып, көршілес мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнатты. Бұл кезеңдегі дипломатиялық байланыстардың ерекшелігі – қазақ хандарының сыртқы саясаттағы икемділігі мен олардың геосаяси жағдайды шебер пайдалана білуі. Қазақ хандығы көрші елдермен әріптестік және одақтасу жолдарын іздестіріп қана қоймай, өз жерінің тұтастығын сақтау мен жауларға қарсы күш біріктіру үшін келіссөздер жүргізді. XV-XVII ғасырларда халықаралық қатынастардың дамуына әсер еткен негізгі факторлар мен Қазақ хандығының аймақтағы рөлін атап өту маңызды. Бұл кезеңдегі дипломатиялық байланыстардың қазақ халқының этнос ретінде қалыптасуы мен саяси дербестігін нығайтуға ықпалы зор болды. Осы мақалада XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының дипломатиялық байланыстарының ерекшеліктері мен олардың нәтижелері қарастырылады.

Қазақ халқы қазақ атымен мемлекет болғаннан бастап көрші елдермен қарым-қатынастар орнатты. Сол кезден бастап қазақтың Ұлы дала дипломатиясы бейбітшілік пен жарасымдылықты негізге алып, қазақ халқының ұлттық сипатын жарқырата ашып көрсете алғаны тарихи ақиқат. Қазақ хандығы үшін ішкі тұрақтылықты қолдау және түрлі ру-тайпаларды бір орталыққа бағындыру маңызды болды. Осы мақсатта дипломатиялық жолмен ішкі істерді реттеу саясаты жүргізілді. Қазақ хандығында ең алғашқы дипломатиялық байланыс Моғолстанның басшысы Есенбұғамен болған болатын. Хандықтың алғашқы кезеңдерінде, Керей мен